

# САПАЛЫ БІЛІМ – ҮЗДІК НӘТИЖЕ



Еліміздегі жоғары оқу орындары арасында жетекші орындардың бірін иеленген, өзіндік қалыптасу тарихы бар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті бүгінгі таңда заманауи оқу ғимараттарымен, сондай-ақ, әлемдік стандартқа сай келетін оқу бағдарламаларымен ерекшеленеді.

Университет құрамында шетелдегі қазақ диаспора өкілдеріне арналған еліміздің жоғары оқу орнындарына грант негізінде оқуға түсуге даярлайтын Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығы жұмыс істейді.

Мұнда бірнеше елден келген 150-ден астам тыңдаушылар білім алуда.

Шет елдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған дайындық орталығының жұмысы қазан айынан бастап жүргізіледі. Дәрістер ұлттық бірыңғай тестілеуге кіретін 11 пән бойынша өтіліп, тыңдаушыларға ай сайын 23 000 теңге көлемінде шәкіртақы беріледі. Сонымен бірге тегін оқулықтармен, жатақханамен қамтамасыз етіліп, университеттің спорт залдарында және ғаламтор желісімен жұмыс жасауға мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар жергілікті мектеп оқушыларын ҰБТ-ға дайындайтын ақылы даярлық бөлімі де жұмыс жүргізіп келеді. Орталықта дәріс

беретін оқытушылардың барлығы дерлік тәжірибесі мол, білікті мамандар. Дайындық орталығында дәріс алған тыңдаушылар тест сынақтарынан сүрінбей өтіп, еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының гранттарына ие болып, студент атанып жүр.

Шетелде тұратын қандас бауырлар мен қазақ диаспора өкілдері жоғары оқу орнына түсуге арналған ақысыз дайындайтын бір жылдық курсқа қабылдану үшін әр жылдың тамыз айына дейін құжат тапсырады. Барлық сұрақ бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады: Шымкент қаласы, Қ.Рысқұлбеков көшесі n/3 үй. ОҚМУ-дың №13 ғимараты.

**Ж.БАЙНАЗАРОВА,**

**Ғ.ҚАСЫМХАН,**

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының аға оқытушылары.**